



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

АЛАШ ПАРТИЯСЫНА АРНАЛҒАН ӨЛЕҢДЕРДІҢ ТУУ ТАРИХЫ

Гиниатова Құралай Еркінқызы

kuralaig@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ филология факультеті "қазақ тілі мен әдебиеті"

мамандығының IV курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – С. Б. Жұмағұлов

Алаш қозғалысының бағыты мен барысы, мазмұны – оның ұлттық Жаңғыру дәуірін жасағанын анық аңғартады. Отаршылдыққа қарсы саяси шаралар, әлеуметтік әрекеттер сол заманның көңіл-күйін, қоғамдық пікірін қалыптастырды десек, қозғалыс аясында қазақтың жаңаша руханияты жасалғанына да көз жеткіземіз. Осы Жаңғыру дәуірі ауқымында тұтас ұлттық мүдде көтеріліп, Алаш зиялылары бір жағынан отаршылдық езгіге қарсы күрессе, екінші жағынан туған халқының рухани деңгейін, саяси белсенділігін арттыру үшін аянбай еңбек етті. Ұлттық бірлік, мемлекеттігімізді нығайту өткір қойылып отырған қазіргі тұста Алаш партиясына арналған өлеңдерде көтерілген саяси-идеологиялық мәселелер қашанда санаға тоқылар ұлағат деп білеміз.

XX ғасырдың басында қазақтың ұлттық идеясы өз эволюциясының жаңа сатысына көтерілді және заман талабына сай сапалық тұрғыдан жедел жетілді. Әр уақыт ағымына орай саяси тұрғыдан ширығып, Алаш идеясы дүниеге келді. Жалпы «Алаш» идеясын жаңа деп айтуға келмейді. Дегенмен, XX ғасырдың басында көтерілген бұл идеяның мазмұны алдыңғылармен салыстырғанда мүлдем бөлек еді. Оны жетілдіруші һәм қозғаушысы Алаш партиясын шынайы қажеттіліктен құрған алаш қайраткерлері тарихи мүмкіндікті мүлт жіберіп алмау жолында жан аянбай еңбек етті.

Бұл ел тарихындағы елеулі кезең турасында Президент Н. Назарбаев: «XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі Қазақстанның қоғамдық саяси өміріндегі Алаш партиясының алатын орны мен қызметін зерттеу – Отандық тарихымыздың ең өзекті мәселелерінің бірі. Өйткені кезінде «Алаш» партиясының жетекшілері ұсынған қағидалары күні бүгінге дейін өз маңызын сақтап отыр», – деп, әділ бағасын берді [1, 172-173 бб.].

Қазақ бола ма, болмай ма деген сауал талқыға түскен жиырмамыншы жүзжылдықтың басында, ғасырдан-ғасырға ұласқан ұлттық идея ширыққан тұста, оның занды жалғасы Алаш идеясы дер шағында дүниеге келді. Алаш идеясының насихаттаушысы әрі оны жүзеге асырушы қайраткерлердің ұлт ісіне ерте есейген есті сана – жалындап тұрған жастық жігермен кіріскендіктері алдыңғы кезекте көрініс береді. Басында Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов және Міржақып Дулатов сынды жол сілтер Алаш көсемдері тұрған алыптар шоғырының абыройлы ісіне тың серпін, жаңа тыныс берген жас шамасы жиырма-жиырма бестің, ары кетсе отыздың о жақ, бұ жағындағы өрендер еді. Яғни, Алаш идеясы өзінің жас әрі жасампаз идея екендігімен ерекшеленді.

Алаш қозғалысының көшін бастаған Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов және Міржақып Дулатовтар ол кездері жастары қырықтың қырқасынан енді ғана асып, ақыл тоқтатқан әрі өздерінен кейінгі толқын ізбасарларына Алаш идеясының өміршеңдігі ұрпақтар жалғастығында екенін ұғындырып, сол идеяны жүзеге асыру жолында қызмет етті.

Мұны жақсы түсінген әрі Алаш идеясының баянды болуына бар ынта-шынтысымен қызмет еткен, арқалы ақын-жазушылар Мағжан Жұмабайқы пен Жүсіпбек Аймауытов Алаш қозғалысы құрылған тұста бірі – жиырма төртте болса, бірі – жиырма сегізге енді келді. Осы орайда М. Жұмабайұлы:

«Тіршіліктің көркі ерік,

Адамдыққа ол серік.
Бір түскен соң қақпанға,
Қалар бұрынғы еркелік.
Ойламай барып, ұрынып,
Өкінген аз ба ертелік»,
– деп жазған [2, 27 б.].

Қазақ халқының тәуелсіздігінен айырылуының басты себептері сыртқы жағдайларға байланысты болғанымен, оның рухани астарларының, соның ішінде надандықтың да, содан туындайтын адамгершілік азғындықтан да ықпалының болғандығы туралы А. Байтұрсынов та, М. Жұмабаев та жазған. Надандықтың салдары бодан ел болуға әкелгендігін Мағжан Жұмабаев:

«Бірлік жоқ алты ауызды халықпыз ғой
Қатардан сол себепті қалыппыз ғой.
Ғылым мен мағрифатты керек қылмай
Надандық шәрбәтіне қаныппыз ғой» - деп ашына жырлаған [2, 47 б.].

Алаш қозғалысы мен Алаш партиясы, Алаш идеясы мен идеологиясы аяқ астынан пайда болған жоқ, ол қазақ арасындағы партия құбылысының алғашқы жинақталған тәжірбиесінің барысында орын алды. «Алаш» партиясы – қазақтың тұңғыш ұлттық-демократиялық партиясы. «Алаш» партиясы ұзақ жылдарға созылған ұлт-азаттық қозғалыс жолдарынан өтіп, саяси күресте пісіп-жетілгендігімен ерекшеленеді.

Алашорда құрылған тұста тәуелсіз мемлекеттің идеологиясына негіз болға осы идеялар еді. Елдің артта қалушылығын сынап шеней отыра, отаршылдық езгіге қарсы үн көтерді, тәуелсіздіктің туын биік ұстауға тырысты. Бұл салада Сұлтанмахмұттың таланты айрықша танылды. Ол Алашорда көтерген идеяның жауынгер жақтаушысы болды. Ұлт көсемдерінің соңынан еріп, қазақ халқына атар таң, келер жарық, сәуле, нұрды солардың есімімен байланыстырды.

«Таныстыру» атты (1918) поэмасында «Дулатов, Байтұрсынов, Бөкейханов...бірі – Күн, бірі – Шолпан, бірі – Айым» деуінің де сыры осында. «Әлиханнның Семейге келуі» («Сарыарқа», 1917, 30 қазан, 13 қараша) атты мақаласында Сұлтанмахмұт елдің «еңбегі сіңген ері» күтіп алғанын суреттей келіп: «Ол ері – елі үшін құрбандыққа жанын берген, бит, бүрге, қандалаға қанын берген, көрдей сасық ауа, темірлі үйде алаш үшін зарығып бейнет көрген, басқан аяқ кер кеткен заманда жасымай алашына қызмет еткен, болса да қатын тұман, қараңғы түн, туатын бақ жұлдызына көзі жеткен, түймеге жарқылдаған алданбаған, басқадай бір басы үшін жалданбаған, қайткенде алаш көркейер деген ойдан басқа ойды өмірінде малданбаған Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов еді»,– деп жазды. Осы сөздердің өзі-ақ Сұлтанмахмұттың Әлихан бастаған іске тілектестігін танытады. Ол Алашорда құрылған күндері «Алаш ұранын» жазып, патшаның құлауына, елдің автономия алуына қуана үн қосты. Сұлтанмахмұт шығармашылығы ақынның заман туралы үлкен толғанысынан туады [3].

1917 ж. 5-13 желтоқсанда Орынбор қаласында өткен 2-жалпықазақ сиезі болып өтті. Бұл съезде жарияланған қазақ халқының ұлттық-территориялық мемлекеттігі болып Алаш автономиясы бекітілді. Оның төрағасы болып [Ә.Бөкейхан](#) сайланды. Алты алаштың баласының басына Ақ орда тігіліп, Алаш туы көтерілді. Бұл сиезде автономияны жариялау мерзімі туралы қызу тартыстар бірнеше күнге созылды.

Елім деп еңіреп өткен ерлердің арыстарымызбен тағдырлас, кигізтуырлықты қазақтың өткені мен кеткенін таразылап, өлеңмен өрнектеген елшіл де ойшыл ақынның бірі Нарманбеттің «Құрылтайға барғанда» өлеңінде сол кездегі жалпы қазақ қауымының хал-ахуалы баяндалады:

«Құрылтайға бара алмай, құр қалмайық,
Ғаламнан ұрпағымыз болар мазақ.
Қамданып бұл жұмысты өткізейік,
Қатарға халқымызды жеткізейік.

Тұлпарға тұмар тағып, бәйгі қосып,
Алаштап қарақшыдан өткізейік!» [4, 108].

Қазақтың елдік асыл қасиеттерін, ұлтқа деген шексіз сүйіспеншілікті арқау еткен өлеңдердің ортақ арнасын мәңгілігіміздің мәңгілік мәселесі Алаш идеясы құрады. Нұржан Наушабайұлының (1858-1919) «Алашордаға», Ғұмар Қарашұлының (1875-1921) «Алашқа», «Алаштың азаматтарына», Сұлтанмахмұт Торайғырұлының (1893-1920) «Алаш ұраны», Сәбит Дөнентайұлының (1893-1933) «Қаулы», «Сарыарқа анамызға», «Адаспаспыз», Бейімбет Майлиннің (1894-1938) «Бұл түрді күн бар екен көретін», Ахмет Мәметовтің (Ахмедғали Мамытұлы) (1895-1938) «Алашқа сәлем», Жүсіпбек Аймауытұлының (1889-1931) «Әскер марсельезасы», «Ұран», Әсет Найманбайұлының (1867-1923) «Алашқа», сонымен қатар «Жас Азамат» газетінің 1918 жылғы 26 желтоқсан күнгі №17 санында «М.Н.» деген бүркеншік атпен жарияланған автордың «Он үшінші декабрь күніне арнаймын» өлеңдерінде азаттық идеялары мен ұлттық бірлік насихатталып, қазақтың саяси теңдігі, рухани кемелділігі, азамат ердің баласы сыналар тарихи кезеңдегі атқарылар келелі міндеттері өзек етіп алынды. «Алаш» партиясының, Алашорданың құрылуына қуанған, қуаттаған бұл әдеби шығармалар асқақ пафосқа, ұлтшыл идеяға негізделді [5,133].

Ғұмар Қараш «Алашқа», «Алаш азаматтарына» өлеңдерінде халықты ынтымақ-бірлікке шақырды.

«Ау, Алаш, көзіңді бүгін ашар күнің!
Қарманып ілгері аяқ басар күнің!
Шығарып бір жеңнен қол, бір жерден сөз,
Адымдап асқар белден асар күнің.
Теңізім, телегейім-қайран елім,
Кемерлеп толқын атып, тасар күнің!
Ақ күміс, қызыл алтын жиғаныңды,
Құрбан қып осы жолға шашар күнің!
Терезең теңгеріліп қатар тұрса,
Осы!-деп сонда жүрек басар күнің» («Алашқа»).

«Ақ жүрек азаматтар асқар күнің
Дұшпанды алдан байқап жасқар күнің;
Дұрыстық ел қосында еткен істі,
Қол соғып, қошеметтеп қостар күнің
Күш қосып, қол ұстасып сөз бекітіп,
Арадан алалықты тастар күнің;
Адасқан қойдай шулап ерген елді,
Бұлтармай оң бағытқа бастар күнің.
Аңқылдақ Алаш ұлы сеніп отыр.

Орнынан шығып, соны растар күнің!» [6, 146] («Алаш азаматтарына»).

Отаршылдық езгіден өткен елінің бейбіт күнге жеткенін зор тебіреніспен жырлайды.

«Алаш» партиясына, Алашордаға арналған өлеңдер сол кездегі ұлттық поэзияда жаңа арнада жалғасын тапты. Ғұмар Қараштың «Тұрымтай» (1918) өлең жинағы, Сұлтанмахмұт Торайғырұлының «Таныстыру» (1918) поэмасы, Алаш қайраткерлерінің 1918 жылдың мамырындағы Шәуешек сапарына арналған Әсет Найманбайұлының «Алаш» толғауы соның нақты айғағы.

Сұлтанмахмұт поэмасында Алаш қайраткерлерінің саяси тұлғалары мен рухани болмыс-бітімдері сомдалды. Ғұмар Қараштың «Тұрымтай» жинағындағы «Күн туды», «Тіршілік мұраты», «Неден қорқам?», «Жұртым саған не болды?», «Көреміз бе?», «Өтер ме екен?», «Келер ме екен?», «Есеп бер» өлеңдері Алаштың рухани және саяси көсемдері ұстанған тәуелсіз мемлекет құру идеясын жүйелі түрде жырлауымен маңызды.

«Күн туды» өлеңінде «Екі талай іс болып, Елге қиын күн туды. Аспанда ай тұтылып, Жер - жиһанды қан жуды» деп, сол кезеңнің боямасыз ақиқат шындығын алға тартқанда заман ағымы елдік үшін тез екенін, әсіресе зарыға жеткен азаттықты сақтап қалу сыналар

тарихи сәтте барша күшті ел болуғы жұмылдыру, Отанды қорғау сияқты ұлттық маңызы ерекше болып табылатын мәселелерді қоғамдық деңгейде көтереді.

«Қара қазан қамы үшін, Күн туды, алаш! Күн туды!
Алаш атты ел болып, Төңірекке көз салсаң,
Ер азамат жиналып, Адамдықты табарсың!
Қорғалақ мынау жер - суды. Елдік етіп бас қосып,
Сынылатын ерлігің, Байланған сөзді ұқпасаң,
Сықталатын серлігің, Шілдей тозып әр жерде,
Көрінетін елдігің, Құлшылдыққа қаларсың».

Тарихтың өтпелі кезеңіндегі Алаш сыналар қатерлі өткелден өтуде ұлттың ұйысуымен жүзеге асатын нақты іс қана мұратқа жеткізетінін ескертеді.

«Терезенді тең етіп,
Теңгеріліп ер жетіп,
«Алаш» деп ұран шақырып,
Шапқан шөптей жапырып,
«Бауырымдап» бас қосып,
Малта жесіп, е десіп,
Дос - жарыңды күлдіріп,
Дұспанды іштен тындырып,
Іс қыла алсаң қылатын,
Ел бола алсаң болатын

Күн туды, алаш! Күн туды» («Күн туды») [6, 121б.].

«Жасында ұлтың үшін етсең жұмыс, Пұлына еш нәрсе оның шағылмайды» деп білген ақын «Өтер ме екен?», «Келер ме екен?» өлеңдерінде ұлттық идеяның жаршысы бола отырып, «Тұрымтай» жинағында үзілмес желідей тартылған Алаш зиялыларының ұлы мақсатын терең ұғындырады.

«Қайғылы қара күндер өтер ме екен,
Қолайсыз мінді мінез бітер ме екен?
Ит болып ырылдасып өткен күндер,
Жоқ болып ізі, жолы кетер ме екен?
Түсініп айтқан сөзге қазақ ұлы
Іздиһат ел болуға етер ме екен?
Оранған ақ жүрекке иманының,
Қадірін біліп таза күтер ме екен?
Табылып ойға алғаны бәрі болып
Еңіреп ер мұратқа жетер ме екен!» [6, 128].

Ғұмар ұлт намысы, жұрт жұмысы қасиетті ұғымдар, сондықтан да оларға имандай ұйып, қағбадай тауап ету биік парыздың өтелуі деп ұғындырады.

«Ақ орда алаш көріп келер ме екен,
Жамырап келіп еніп кірер ме екен?
Сарғайып сағындырып қолға түскен
Асылдың қадір бұлын білер ме екен?
Ұғынып бұлын біліп қадір тұтып,
Қағбадай тауап ете жүрер ме екен?
Ұлт намыс, жұрт-жұмысы деген істер
Имандай жүрегіне сіңер ме екен?
Ашы ауыз ашырқанып айтқан сөзді,
Құрандай құлағына ілер ме екен?» [6, 128].

Осындай өлең жолдары Ғұмардың ұлтжанды тұлғасының, ақындық қуатының қашан да ұлт мұратымен сабақтасып отырғанын, өмірлік мақсаты болғанын дәлелдей түседі.

Сан ғасырлық отандық тарихымыздың қайнар бастауында әрдайым Тәуелсіздік деген қасиетті ұғымның шоқтығы биік тұратыны белгілі. Өткендегі және бүгінгі тарихқа зер салып

үнілсек, қазақ елінің азаттығы үшін арпалысқан ұлы тұлғалардың бар арман-мақсаты – Ұлттық мемлекеттігімізді қайта құру болғанын көреміз.

Қорытындылай келе, қазақ әдебиетінің жан-жақты дамып, барлық жанрларда қарыштап өскен, ұлттың рухани сұранысына жауап берген бай-бағылан дәуірін тудырған XX ғасыр қаламгерлері, Алаш азаматтарының ғұмыры, тағдыры, шығармалары, ерен еңбектері туралы сыр шертілген өлеңдер елдік қасиеттерге күш дарытуымен құнды. Ол Алаш баласына елдік, тәуелсіздік пен егемендігіміздің қаншалықты қиындықтармен келгендігін түсінуіне ой түйгізетіні ақиқат [10, 73-78].

Алаш қозғалысын зерттеу – қазақтың азаматтық әрі рухани тарихындағы ірі құбылыс. Ұлттық идеяның қайнар көзі – Алаш қайраткерлері мұраларын жинастыру, жүйелеу, жариялау бағытында ғылыми зерттеу жүргізу уақыт талабынан туындап отырғандықтан өзекті. Алаш қайраткерлері ұлт азаттығы, қазақ елінің бостандығы жолында қаламды қару етті. Өздерінің от жалынды шығармалары арқылы ұлт рухын тірілте ете білді.

Қолданылған әдебиет

1. Назарбаев Н. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999. – 296 б.
2. Жұмабаев М. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 448 б.
3. Әбдіманов Ө. «Қазақ» газеті. – Алматы: Қазақстан, 1993. – 162 б.
4. Орманбетұлы Н. Кер заман: Өлеңдер. – Алматы: «Алаш», 2004. – 320 б.
5. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысының ұлт тағдырындағы орны жөнінде // Алаш қозғалысы идеясының Еуразия кеңістігіндегі ықпалы: тарих және қазіргі кезең» халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары, Семей. 2008. – 225б.
6. Қараш Ғ. Замана. – Алматы: Ғылым, 1994. – 240 б.
7. Сыдықов Е. Шәкәрім және Алашорда: Ғылыми жинақ. – Алматы: Раритет, 2008. – 184-б., 8-б. сурет. – «Шәкәрім әлемі» сериясы.

ОӘК 842.632.452

ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДА ШЕШЕНДІК ӨНЕРДІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Дүйсенғазин Дулат Мақсұтұлы

kafedra_pkyaz@enu.kz

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің оқытушысы, Астана, Қазақстан

Адамзат баласына тән құндылықтар – олардың ұлттық ерекшелігіне, жеріне, еліне, т.б. қатысты меншіктік сипатқа ие. Ал солардың ішіндегі қандайда бір шекарамен шектелмейтін екі үлкен нәрсе бар. Ол ғылым мен өнер. Екеуі екі жақтап адамға қызмет етері сөзсіз. Алайда екеуінің де ауқымы кең құбылыстар. Және бір-бірімен сабақтас дүниелер. Тіпті екеуін бір-бірімен жапсарлас, бірінен- бірін ажыратуға келмейтін құбылыс деп тануға болады. Мәселен адамның интеллектуалды қуатынан туған ғылыми жаңалықты өнер деп танысақ, өнер ол – ғылым. Міне, осы жағынан келгенде ғылым мен өнер бірінен- бірін ажыратуға келмейтін құбылыс. Ал екеуінің қай-қайсысы болмасын тілден тысқары емес. Солардың ішіндегі тілге жақыны, сөзге қатыстысы шешендік өнер. Шешендік – әр ұлтқа, халыққа тән бекзат өнер. Бұл жағынан келгенде әр ұлт өзінше шешен.

Қазақ шешендік өнерінің тарихына көз жіберсек, шешендік өнердің дамуында осы үш элементтің шешуші рөл атқарғанын көреміз. Халықтық мәселелерді талқылаған әрбір халық жиналысы, әр түрлі дау – дамайларды шешуге арналған билер кеңесі, жақсы мен жаманды айыратын айтыс өнері белгілі бір тақырыптардың төңірегінде келісілген орын мен уақытта өткізіліп отырған; сөйлеушілер тақырыптан ауытқымай, туындаған мәселелердің айналасында ортақ мазмұнды өрбітіп, басты – басты ойларды шешуге ат салысқан; жиынға қатысушы немесе тыңдаушы көпшіліктің ақыл – ойына әсер етіп, түрткі болатындай, парасатқа жетелейтін қуатты да көркем, әсерлі де айқын, халыққа түсінікті тілмен сөйлеуді